

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Жұлдыз» тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Бекмуратова Айнұр				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	21.08. - 25.08.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалар өздерін қалай сезінетіндері, көңіл-күйлері, бастан кешкен қызықты оқиғалары, ненің ұнағаны жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Тәрбиешінің көмекшісіне төсек-орын жабындыларын ауыстыруға көмектесу". Мақсат-міндеттер: төсек жабындыларын қолданысына қарай бөлуге үйрету, тәрбиешінің көмекшісіне көмектесу ниетін және басқалардың еңбегіне құрметпен қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу; еңбекке баулу. (еңбек дағдылары)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттер: тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинай білуді дағдыландыру. (еңбек дағдылары)	Аквариумдағы балықтарды тамақтандыру. Мақсат-міндеттер: зейінді, балықтарға күтім жасау ниеттерін дамыту, тіршілік иелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Шкафтың ішін ретке келтіреміз". Мақсат-міндеттер: балаларды сыртқы киімдерін шкафқа жинауда ұқыптылық танытуға дағдыландыру; ретсіздікті көріп, оны түзеуге деген ынтаны дамыту. (еңбек дағдылары)	"Асхананы жинау". Мақсат-міндеттер: үстелді дұрыс жасауды үйрету, тамақтан кейін ыдысты жинау, үстелдің бетін сүрту, еденді сыпыру дағдыларын жетілдіру. (еңбек дағдылары)
	Әңгімелесу: "Таңғы сәлемдесу". Мақсат-міндеттер:	"Балабақша" жаттығуы. Мақсат-міндеттер:	"Айырмашылығын тап" дамытушылық	"Балық, құс, аң" дидактикалық ойыны.	"Не артық?" дамытушылық ойыны.

	балалардың естеріне ересектермен, құрдастарымен, жасы кішілермен амандасу қажеттілігін түсіру, әдептілік ережелерін айту. Әр түрлі жағдайлардағы мінез-құлық үлгілерін дамыту, тиісті сөйлеу құрылымдарын қолдануға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың достық туралы ұғымдарын тиянақтау; көркем сөзге деген қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру	мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдап қозғалуға ынталандыру; дене мүшелерін жетілдіру, жағымды эмоцияларды дамыту; балабақшада ұйымшыл болуға баулу. - Балабақша, балабақша (Орнында марш басу, қолдармен сермеу) Біздің ортақ үйіміз. Бізбен бірге, бізбен бірге (Орнында жүріп, шапалақтау) Ойыншықтар, достарымыз. Ойнап-күліп, ойнап-күліп, (Орнында секіру, қолдармен жоғары шапалақтау) Бізбен бірге қоймайды,	ойыны. Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір карағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. (қоршаған ортамен таныстыру) Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген	Мақсат-міндеттер: аңдарды, құстарды, балықтарды топтастыру біліктіліктерін бекіту. Көркем сөз. "Аквариумдағы балықтар". Мекендеген теңіз-мұхиттарда Балықтар жіберілді аквариумға. Қозғалып, жүзіп жүр ары-бері, Түстері ала, қызықты пішіндері. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (заттар). Мақсат-міндеттер:	Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды.
--	---	---	---	--	---

	"Достық деген не?" Педагог асықпай, өлеңді мәнерлеп оқиды. Топ ішінде бірге ойнаған, Достарыммен біргемін. Бөлісіп бар ойыншықпен, Жан сырын да білгенмін. Достарменен бірге жүрсең, Жақсы әуен тынбасын. Қара бұлтта сейіледі, Дос жүрегін тыңдасаң. Достарменен қол ұстассаң, Ешқашан қор болмайсың. Ұқсағың кеп жан досыңа,	Қолды бұлғап, қолды бұлғап, (Орнында жүріп, қолдармен алдыда бұрмалау) Кейіпкерді сомдайды. Отырады да тұрады, (Қолдар белде, аяқтарды бүгіп, тік тұру) Теңселеді жан-жаққа, (Қолдар белде, оң-сол жақтарға теңселу) Оңға-солға бұрылады, (Қолдар белде, оң-солға бұрылу) Жүреді болашаққа. (Орнында марш басу, қолдарды жоғары көтеру) Ережені есте сақтау жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	қызығушылықты арттыру. "Бақшада". Көңілді бар бала, Бақшаға, баққа енсек. Ойнаймыз аулада, Төбеміз әткеншек. Шешеміз жұмбақ та, Жаңылтпаш айтамыз. Кешкілік үй жаққа Үлкейіп қайтамыз. Б. Кірісбаев. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	балалардың қоршаған заттар, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; геометриялық пішіндерге ұқсас заттардың кескіндері. - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш). - Алдарыңдағы суреттерде салынған	(қоршаған ортамен таныстыру) Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?". Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Біз көмекші болып жүреміз, (Бас бармақтарды көрсету) Жеңімізді кезегімен түреміз. (Женді түргенге еліктеу) Қолға табақшаны алып, (Саусақтарды созып, екі алақанды, айкастыра, бірі-біріне уқалау)
--	---	--	--	--	---

	"Кең мұнара" салғайсың. Д. Бұланбаева. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Жұмбақ жасыру. "Бағдаршамның шамдары". Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Мен қауіптен абайлаймын: "Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын. Мен – ортаңғы дөңгелекпін, "Досым, дайындал!" – деп әлекпін. Мен рұқсат беріп тұрамын: "Жүре бер!" – деп шақырамын. Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол		заттарды атап көрейік. (Балалар заттарды атайды) - Оларды қандай бір сөздермен біріктіреміз? (Жиһаз, ойыншықтар, ыдыс-аяқ, киімдер.) - Суреттегі заттарды өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. (математика негіздері)	Уқалап, жуып береміз. Кесе - екі қос алақандай, (Саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып, "тербету") Шұңғыл алтын айдай. Қолға кесені алып, (Жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып, айналдыру) Айналдырып, жуып береміз. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
--	---	--	--	---	--

		ережелерін қайталайды. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)			
Таңертеңгі жаттығу	Күнделікті дене шынықтыру жаттығуларын жасау әдебін тәрбиелеу. Кешенді жаттығу. Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Артқа қарай бір адым, Алға қарай бір адым, Жоғары, төмен қарайық, Жаттығу жасайық. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Асхана құралдары мен майлықты дұрыс қолдануды үйрету. Үлкен, кесек тамақты, Ұсақ етіп бөліп ал! Стақандағы сусынды, Төгіп алмай ішіп ал! (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Фант" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылылау, сол	"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың бір-	"Күлкі-сиқыр" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: өз құрдастарының жағымды қасиеттерін ғана көру	"Кім шақырғанын тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: есту мүшелерін жаттықтыру және	"Сарбаздар! Адымда!" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін сөздерін мәнерлеп

	тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады.	біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жабдығы: асық. Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез-келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты	біліктіліктерін дамыту.	зейіндерін тұрақтандыру, есте сақтауларын дамыту.	айтуда ырғаққа сай қимылдауға машықтандыру; дене мүшелерін жетілдіру; отансүйгіштікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Желбіретті көк туды, Қазақстан әскері! Жасақталған жауынгер, Тап-тұйнақтай киінген. Бұйрық беріп басшысы, Алға бастап келеді. Жасақталған жауынгер, Жылдам сапты түзеді. Өз Отанын қорғайды, Өнге басып келеді. Жасақталған жауынгер, Қазақстан ерлері! "Айналамыздағы
--	--	---	-------------------------	---	---

		алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады. Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы.			қауіп" тақырыбына әңгімелесу. Мақсаты: қауіптің көздері және олардың салдары туралы білімдерін бекіту.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамытудан ойын- жаттығу "Біз татумыз" Мақсат-міндеттер: Балаларға достық, татулық туралы мағлұмат беру.	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Достық біздің туымыз" Мақсат-міндеттер: Балаларды биіктігі 5- 10 см 2-3 заттың үстінен кезектесе секіру; көлбеу тақтайда жоғары- төмен жүруге үйрету; қатарға үшеуден тұру дағдыларын	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Масақ" украин халық ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларды оқылған шағын ертегі желісі бойынша ертегі мазмұнын айтып бере білуге үйрету; өз ойларымен бөлісе білуге талпындыру; ертегі кейіпкерлерінің	Сурет салудан ойын-жаттығу «Достық ғаламшары» Мақсат-міндеттер: Балаларыдың достық жайлы білімдерін жалпылау және кеңейту; "алақанда бастыру" арқылы сурет салу техникасын бекіту; қағаз бетінде еркін бағдарлау, ортақ композиция жасау	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу «Достығымыз жарасқан» Мақсат-міндеттер: Балаларға дос пен достық туралы білімдерін қалыптастыруды жалғастыру. Олардың сезімдері мен эмоцияларын басқара білуге ықпал

		қалыптастыруды жалғастыру; 50-60 метрге жүгіру іскерліктерін дамыту; қимылды ойындарға қызығушылықтарын ояту.	қимылын, дыбысын салдырып, кейіпкерлер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту; еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жалқаулыққа бой алдырмауға баулу адамгершілікке, достыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу.	барысындағы ұжымдық жұмыс біліктіліктерін қалыптастыру; логикалық ойлау қабілеттерін, суретті қағаз бетіне орналастыру біліктіліктерін дамыту; өз күшіне сенуге, шыдамдылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Музыкадан ойын-жаттығу "Дос болайық бәріміз!" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде	ету, достық туралы түсініктерін кеңейту, балалардың мейірімділік туралы түсініктерін тереңдету; «дос» және "достық" сияқты ұғымдар туралы балалардың білімдерін кеңейту, Балаларда эмпатия қабілетін, қиын жағдайда бір-біріне көмекке келуге деген ұмтылысын дамыту, сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Бір-біріне деген әділетті қатынасты, басқаларға деген қайырымдылықты тәрбиелеу.
--	--	--	--	---	--

				жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен музыкалық сенсорлық қабілеттерді дамыту.	
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				
Серуен	"Жаңғырықты" бақылау (тыңдау). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балалардың табиғат құбылысы (жаңғырықпен) таныстығын кеңейту, ой-өрістерін,	Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге	Көшеде өткен итті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды жануарлардың қимылына, сыртқы келбетіне қызығушылықты	Араны бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: араны өзге жәндіктерден ажыратып, таныс жәндіктерді атай білуге дағдыландыру;	Бақ-бақты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: емдік өсімдіктер, оларды жинау және қолдану ережелері жайлы ұғымдарын қалыптастыру үрдісінде, танымдық

	байқампаздықтарын дамыту; айналасын қоршаған әлемді, құбылыстарды танып, білуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. Балаларға әртүрлі ортаға барып, дауыстарын шығаруды ұсыну. Кең аулада, залда, ашық жерде дауыстың соңынан тағы бір қайталанып, бәсеңделіп естілетін дауыстар тізбегі туралы айту. Бұл ауада ерекше жағдайда пайда болатын құбылысты "жаңғырып" деп атау. Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа жинау. Мақсат-міндеттер: еңбек етуге ниеттерін	машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға, деген қызығушылыққа, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. "Мысық". Үстінде үйдің Тұр еді мысық. Қасына келді Бір торғай ұшып. Бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге Топ ете түсіп, Мысықтың қалды Жамбасы ісіп. Б. Соқпақбаев Балаларға арыстан, жолбарыс сияқты жануарлардың мысық тектес екені туралы баяндау.	арттыру; ит жануарының көп түрі болатыны туралы түсініктерін тиянақтау. Педагог балаларға Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық... Сен, қал! Сен, шық! Қ. Мырзалиев Еңбек әрекеті: ұсақ бұтақтарды жинау.	олардың басты ерекшеліктерін нақтылау; тіршілік иелерін танып-білуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. "Ара". Қызғалдақтың қасына Қойып едім қондырмай, Бізін сұғып басыма, Шақты ара оңдырмай. Енді тимен оған мен, Ісіп кетті бас, шекем. Балы тәтті болғанмен, Тілі өзінің ащы екен! Қ. Мырзалиев. Балаларға араның қауіпі мен пайдасы туралы айту. Балалар араның әрекетіне бөгет болмау керектігін түсіндіру. Сонда	белсенділіктерін дамыту. Баланың тәрбиешімен және достарымен түрлі әсерлерімен бөлісу ынтасын қолдау. Өсімдіктерді, жан-жануарды күтіп-баптайтын орындарда, тағы басқа маман адамдардың еңбегі өте зор екендігі туралы баяндау. Көркем сөз. "Санамақ". Жиналған соң достары, Қаздай өзі басқарды, Қызықты ойын басталды: Бір болды бақшашы, Екіншісі - егінші, Үшіншісі - бақташы, Төртіншісі - теңізші. Бесіншісі - балташы, Алтыншысы - аспазшы.
--	---	---	---	--	--

	тәрбиелеу. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен	Оларды сурет бойынша мысықпен салыстыруды, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды ұсыну. Еңбек әрекеті. ойын алаңын жинау бойынша тапсырмалар. Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс жасап, нәтижесіне қуана білуге тәрбиелеу. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа,	Мақсат-міндеттер: тазалықты сақтау ниетін дамыту. "Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға бейімдеу, басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту. Алаңның бір жағында көмегімен қой қора қоршалады. Ойнаушылар санамақ арқылы "қойшыны" таңдалып алады;	шағудан құтылуға болады. Араның бал өнімін жасай білу қабілетін түсініп, адам араларға арнайы бағып-баптау бақшаларын жасайтыны туралы әңгімелеу. Еңбек әрекеті: балалармен бірге сәбилер тобының ойын алаңын жинау. Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс жасау, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу. "Қарға мен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: белгі бойынша , бір-біріне соғылмай, әртүрлі бағытта жүгіру біліктіліктерін дамыту; ойын	Жетіншісі - жылқышы, Сегізінші - сырнайшы, Тоғызыншы - тігінші, Оныншысы - орманшы. Е.Өтетілеуіов Балаларға айтылған мамандардың қайсысын білетінін сұрау. Еңбек әрекеті: тәрбиешімен бірге гүлзар ішіндегі құрап қалған гүлдерді тазалау. Мақсат-міндеттер: орындалған жұмыстан қуаныш сезімін алуды үйрету; экологиялық мәдениеттілікті тәрбиелеу. "Бақшадағы тауықтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)
--	---	--	--	---	---

	ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. "Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер:	ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады: - Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды	қалғандары – "қойларды" сомдайды. "Қойшының" көзін байланады. Балалардың біреуі (алғашында педагог) "қойшыдан сұрайды: "Қойшы, қойшы, маған қанша қадам бересің?". "Қойшы" өз санын (онға дейін) айтады. Осы қашықтықтан "қойшы": «Менің табыным қайда?", - деп сұрайды. "Қойлар" (балалар): "Мә-мә-мә..", - деп дауыстайды да үндемей қалады. Қойшы оларды іздей бастайды. Балалар жүргізушіден қашып құтылмақшы болады. Егер "қойшы" балалардың бірін	шартын бұзбауға дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Қарға" мен "торғайлар" екі топқа бөлініп, белгі бойынша екі түрлі қимылдарды жасайды (жүгіру мен секіру). Балаларды құстардың қимылдарына еліктеу туралы ескерту керек. Кейіпкерлер тағы бір белгі бойынша екі жаққа таратылып кету тиіс. "Кім нысанаға тигізеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: затты лақтыруды жаттықтыру; көзбен мөлшерлеуді дамыту. Еркін ойындар: шығарылған	Мақсат-міндеттер: орташа қарқында жүгіруді жаттықтыру, құс қанатын келтіру, отырып тұру. "Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Ойынды алаңның бірнеше жерінде бірнеше топ балалар үшін ұйымдастыруға болады. Өз бетінше еркін
--	--	--	---	---	---

	аласа бөренемен жүру, тепе-теңдік сақтай білу. Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, жан-жаққа шашырап жүгіру, координацияны дамыту. Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, орыннан биікке секіру. Мақсат-міндеттер: күш пен жылдамдықты дамыту.	күтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді	түртіп қалса, сұрайды: "Қойым, қойым, өзінді ата!" Ал ойнаушы, "қой": "Мә-мә-мә", - деп дауысын шығарады. "Қойшы" баланы дауысынан танып қойса, ұсталған - "қойшыға" айналады. Жаңа ойын басталады. Егер бала танылмай жатса, осы "қойшымен" ойын жалғасады. "Кегльді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Дербес ойындар: шығарылған	материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, "Қапты жеткіз". Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті сақтауға дамыту.	ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, доппен ойнау. Мақсат-міндеттер: ептілікке, зеректікке тәрбиелеу.
--	--	---	---	---	---

		ауыстыруға болады. "Допты көрсет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: допты лақтырып, қағып алуға, жүгіруге жаттықтыру. Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеде секіру. Мақсат-міндеттер: күш-қаутты жетілдіру.	материалмен ойындар. Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлай білуді, тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіру.		
Серуеннен оралу	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Асхана құралдары мен майлықты дұрыс қолдануды үйрету. Үлкен, кесек тамақты, Ұсақ етіп бөліп ал! Стақандағы сусынды,				

	Төгіп алмай ішіп ал! (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Балаларды біртіндеп ұйқыдан тұрғызу. Шығыс жаттығуларының элементтері. Беті-қолды салқын сумен жуу. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға	"Не өзгерді?" дамытушылық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ой ұшқырлығын, байқампаздықты тәрбиелеу. Керекті құралдар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар. Барысы. Тәрбиеші балалардың алдына таныс ойыншықтар	"Жол белгілері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: логиканы дамыту, жолда жүру ережелерін есте сақтауды, белгі бойынша бағдарлауды үйрету. Барысы. Тәрбиеші белгілерді қарастырып, кейін оларды бөліп, қолданылу аясые түсіндіруді ұсынады. Егер бала жауап	"Сөздер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын молайту, зейіндерін, ой ұшқырлығын дамыту; өзара достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Барысы: тәрбиеші балаларға "Құстар" тақырыбына сөздер құрауды тәрбиеші "Құстар" түсінігімен байланысты бір сөз	"Сырт кейіпімізді өзгертеміз" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: байқампаздықты, сөйлеу әрекетін, позитивті көңіл-күйін дамыту. Сипаттамасы: бірнеше адам ойнайды, барлығы бір қатарға тұрады, жүргізуші бір баланы атайды да, оған ойынның әр қатысушысының

	деген қызығушылыққа, ізденімпаздылыққа тәрбиелеу. Барысы. Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды. Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б.. (танымдық дағдылар) "Машинаны кім	мен заттарды ұсынады. Саны алдымен 6-дан басталады да, кейін 10-12-ге дейін жетуі мүмкін. Ойыншықтар бір қатарға қойылғаннан кейін, балалар олардың реттік санын айтулары мүмкін. Балалар көздерін жұмады, тәрбиеші қатардағы ойыншықтардың орнын ауыстырады. Балалар көздерін ашып, қай ойыншық, қандай орынға ауыстырылғанын айтады. (танымдық дағдылар) "Кітаптар емханасы" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер:	беруге қиналса, онда құрдастарынан көмек сұрауына болады. (танымдық дағдылар) "Театр" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды өзіне жүктелген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалар арасындағы достық қарым-қатынас қалыптастыру. Мәдени ошақтар олардың әлеуметтік маңызы жайлы ұғымдарын бекіту. Балалардың театр, театр труппасы, театр қызметкерлері жайлы білімдерін бекіту. Театр жұмысының ұжымдық мінезін көрсету, сөйлеу мәнерін дамыту.	айтады да, кезекті келесі балаға береді. Бала, белгіленген уақытта, керекті сөзді таппаса, қатені толтыру үшін, өз өнерін ортаға салады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) "Ғарышкерлер" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: мектепке дейінгілердің әскери-патриоттық дайындығына ықпал ету, дене шынықтыру дайындығын жетілдіру. Ойын сюжетін өз бетінше дамытуға үйрету. Ойын барысы. Ойынға қызығушылықтарын дамыту үшін,	сыртқы келбетін есте сақтауды ұсынады. Оған 1-2 минут беріледі. Кейін бала басқа жаққа бұрылады, ойынның басқа қатысушылары киім-кешектеріне немесе шаш үлгілеріне, кішігірім өзгерістер енгізеді. Ойыншыларға бұрылған бастаушы, өзі байқаған өзгерістерді айту керек. (сөйлеуді дамыту) "Ателье" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешектер жайлы білімдерін бекіту, шығармашылық ойлауларын дамыту, матаның қасиеттеріне
--	---	--	---	--	---

	жүргізеді?" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: жүргізуші мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, сөздік қорларын молайту, жаяужүргінші түсінігін нақтылау, жолда жүру ережелерін сақтау. Барысы. Балалар көлік жүргізу үшін не керек екенін, түсіну керек. Балалардың алдына әртүрлі көліктер қойылады: жүк, жеңіл көлігі, автобус. Балалар өздеріне көлік тандайды, жағдайды ойнайды, ары қарай сюжет бойынша біреуді автобус жүргізушісі, біреуді кондуктор етіп	кітаптарды ұқыпты ұстауды үйрету. Кітапты "ауырғанды емдеу" жөндеуді үйрету. Қайшыны дұрыс қолдануды, ұқыпты желімдеуді үйретуді жалғастыру. Кітапты қолдану ережелері жайлы әңгімелеу. Өлең оқу. Мақсат-міндеттер: балалардың өлең мәтінін есту арқылы қабылдау біліктіліктерін қалыптастыруды жалғастыру, жеке сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтау. Көркем шығармаларға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен	Құрал-жабдықтар: ширма; әртүрлі театр түрлері; афишалар; билеттер; бағдарлама; костюм элементтері. Барысы. Балаларға театр тандау ұсынылады; билеттер, афишалар дайындау; көрермендердің театрға келуі; әртістердің спектакльге дайындығы; театр қызметкерлерінің сахнаны қойылымға дайындау; антрактпен спектакль. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)	тәрбиеші балаларға «Ғарышкерлер» ашықхат жиынтығын қарастыруды ұсынады. Олармен ғарыш мамандары, ғарышкер қандай қасиеттерге ие болу керектігі жайлы әңгімелеседі. Тәрбиеші балалармен ғарышкер-адамдардың мінезін талқылайды. Одан кейін тәрбиеші балалармен бірге, «Ғарышқа ұшу» ойын сюжетінің шамалы жоспарын белгілейді, ол келесі тармақтарды қамтуы мүмкін: ғарышкерлерді жаттықтыру, ұшуға дайындығына емтихан тапсыру, дәрігердің қарауы, зымырынға отыру,	қызығушылықтарын арттыру. Барысы: балалар өз қалаулары бойынша киім тігу шеберін тағайындайды, оған арнайы бұрыш дайындалады, ойыншы-балалар келіп, өз маталарын әкеледі, ал кейбіреулері өз көйлек үлгілерін алып келеді. Тігінші шебер тапсырысты орындайды. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)
--	---	---	--	--	--

	сайлайды, басқа балалар-жолаушылар, жүру барысында жол белгілері бойынша қозғалады. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)	таныстыру, еңбек дағдылары)		кемені қосу, ғарыштағы жұмыс, кеме бортынан хабарлау, жерден ұшуды басқару, жерге қону, жерде кездесу, медициналық тексеріс, ұшудан кейін ғарышкерлердің тынығуы. Одан кейін тәрбиеші балаларға құрылыс материалынан зымыран құрастыруды ұсынуы мүмкін. Зымыранды құрастыру барысында оның бөліктерін атау (тұмсығы, люктер, иллюминаторлар, басқару тетігі) Дербес ойында тәрбиеші балаларды адамдардың жауапты тапсырманы	
--	---	---	--	--	--

				орындауға бағытталған қарым-қатынасын (еңбек және жеке) модельдеуге шақырады. Мысалы, тәрбиеші балаларға хабарлайды, кейбір адамдар кеме жасаса, ал басқалары оларды сынап, ұшуға дайындайды, үшіншілері - ұшу мен қонуды қамтамасыз етеді. Әр ойыннан кейін тәрбиеші балаларды ойын жағдаяттарын талдауға тартады. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)	
Балалармен жеке жұмыс	Ойын-жаттығу: "Ағашты ата"	Ойын-жаттығуы: "Ойлан тап".	"Айырмашылығын тап"	Ойын-жаттығу: "Кім не жейді?"	Ойын-жаттығу: "Неге ұқсайды?"

	Мақсат-міндеттер: балабақша алаңындағы ағаштардың атауы жайлы білімдерін бекіту. ("Жапырақ" артикуляциялық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтін сөздерінің ырғағына, мәніне сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны жетілдіру. Тақ-тақ-тақ (қолдарын оңға-солға сермейді), Біз айтамыз тақпақ (қол білезіктерін айналдырады). Рақ-рақ-рақ (орындарында тұрып айналады).	Мақсат-міндеттер: көптік жалғауды дұрыс жалғауды жаттықтыру. "Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.	дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары.	Мақсат-міндеттер: бала сөйлеуінде егістіктерді қолдану аясын кеңейту. Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөзге деген қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру. Тәттісін-ай, мына жеміс-жидектің, Сүйсініп-ақ жейміз оны тәбетпен. Сүт ботқасын таңғы асқа береміз. Денсаулыққа пайдалысы-ет екен Ұннан піскен бауырсағым, бөлішім,	Мақсат-міндеттер: қиялды, байқағыштықты дамыту. Көркем әдебиет үлгіні оқу. Мақсат-міндеттер: М. Төрежановтың "Адал дос" әңгімесін мәнерлеп оқу барысында балалардың достық туралы ұғымдарын нақтылылау; сұрақтарға жауап беруге ынталандыру; зейінділікке, ұғымталдыққа тіәбиелеу. (көркем әдебиет)
--	--	---	---	--	--

	Күзде түсер жапырақ (саусақ бастарын қимылдатады), Қол-қол-қол (қолдарын жан-жаққа жібереді). Күзде егін мол (қолдарымен үлкен шеңбер жасайды). Тоқ-тоқ-тоқ (саусақ бастарын бүгеді), Шыбын-шіркей жоқ (қолдарын жандарына жібереді). Г. Кужагулова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)			Тәттілерім дастарханның сәні шын. Жеміс-жидек дәруменге бай екен, Ең дәмдісі піскен тәтті нан екен. Д. Бұланбаева. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау.				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту,				

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Кеңес: "Ойыннан оқу қызметіне".	Әңгімелесу: "Баланың тамақтануы "	Кеңес: "Отбасылық мерекелер".	Әңгімелеу: "Бала экран алдында".	Кеңес: "Отбасындағы оқу".

Әдіскер: **А.А.Сулейменова**